

"Қазақстан Халық Банкінің
өмірді сақтандыру бойынша
"Халық-Life"
еншілес компаниясы"
акционерлік қоғамы



Акционерное общество
"Дочерняя компания
Народного Банка Казахстана
по страхованию жизни
"Халык-Life"

Мақұлданды
"Халық-Life" АҚ
Басқармасының шешімімен

(2021 жылғы 12 ақпандағы отырыстың
№ 11 хаттамасы)

13.03.2021 бастап қолданысқа енгізіледі

Бекітілді
"Халық-Life" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен

(Директорлар кеңесі мүшелерінің 2021
жылғы 25 ақпандағы № 14 сырттай
дауыс беру хаттамасы)

Жазатайым оқиғадан ерікті түрде сақтандыру ЕРЕЖЕСІ

Алматы қ. 2021

Құжаттың мазмұны

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	Ошибка! Закладка не определена.
1-тарау. ҚОЛДАНЫЛУ МАҚСАТЫ МЕН САЛАСЫ	Ошибка! Закладка не определена.
2-тарау. ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	Ошибка! Закладка не определена.
3-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ МӘНІ	Ошибка! Закладка не определена.
4-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ.....	6
5-тарау. САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕСІНЕ СӘЙКЕС ЖАСАЛАТЫН САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	7
3-бөлім. ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒА САЛДАРЫНАН САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҮЛҒА ҚАЙТЫС БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА САҚТАНДЫРУ	8
6-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ	8
7-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ	9
8-тарау. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ (САҚТАНДЫРУ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ) МӨЛШЕРІ, ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ	9
9-тарау. САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҮЛҒА	9
10-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ.....	9
11-тарау. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	10
12-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ҚОРҒАУЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН АУМАҒЫ.....	12
13-тарау. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ	12
14-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАНДА САҚТАНУШЫНЫҢ ӨРЕКЕТІ, САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮРГІЗУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ	12
15-тарау. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТУДЫҢ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ.....	14
16-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ЖАҒДАЙЛАРЫ.....	15
17-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ.....	16
4-бөлім. ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒА САЛДАРЫНАН САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҮЛҒАҒА БІРІНШІ, ЕКІНШІ НЕМЕСЕ ҮШІНШІ ТОПТАҒЫ МҮГЕДЕКТІКТІҢ БЕЛГІЛЕНУІ ЖАҒДАЙЫНДА САҚТАНДЫРУ	17
18-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ	17
19-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ.....	17
20-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ.....	18
21-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ.....	19

5-бөлім. ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒА САЛДАРЫНАН САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҰЛҒА ДЕНЕ ЖАРАҚАТЫН АЛҒАН ЖАҒДАЙДА САҚТАНДЫРУ	19
22-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ	19
23-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ.....	20
24-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ.....	20
25-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ.....	21
6-бөлім. ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒА САЛДАРЫНАН САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҰЛҒАНЫҢ УАҚЫТША ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА САҚТАНДЫРУ	21
26-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ	21
27-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ.....	22
28-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ.....	22
29-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ.....	23
7-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	23
30-тарау. САҚТАНУШЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ НЕМЕСЕ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ.....	23
31-тарау. ҚОСЫМША ШАРТТАР.....	23

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. ҚОЛДАНЫЛУ МАҚСАТЫ МЕН САЛАСЫ

1. «Қазақстан Халық Банкі өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life" еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы осы Жазатайым оқиғалардан ерікті түрде сақтандыру ережесіне сәйкес (бұдан әрі – Сақтандыру ережесі) жеке және заңды тұлғалармен Жазатайым оқиғалардан ерікті түрде сақтандыру шартын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасайды.

2-тарау. ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

2. Сақтандыру ережесінде Сақтандыру ережесін іске асыру мақсатында келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

- 1) Пайда алушы – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға, Сақтанушы сақтандыру шартын жасау кезінде тағайындайды, сақтандыру өтінішінде көрсетеді;
- 2) Сақтандырылған тұлға – оған қатысты сақтандыру жүргізілетін тұлға. 6 (алты) жастан зейнеткерлік жасқа дейінгі жеке тұлға Сақтандырылған тұлға болуы мүмкін;
- 3) кәмелетке толмаған баланың заңды өкілдері – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беретін, тәрбие беретін, баланың құқықтарын және мүддесін қорғайтын ата-аналары (ата-анасы), асырап алушылары (асырап алушысы), қамқоршысы немесе жанашыры, өгей ата-анасы (өгей ата-аналары), патронаттық тәрбиелеушілер мен оның орнын басатын өзге де тұлғалар;
- 4) жалған мәліметтер – сақтандыру шарты жасалатын күні шындыққа (шынайы мәліметтерге) сәйкес келмейтін Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға сақтандыру өтінішінде ұсынған мәліметтер;
- 5) жазатайым оқиға – сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термикалық әсерлердің Сақтандырылған тұлғаның ағзасына әсер етуінен, оның денсаулығына зиян әкелген, мертігуіне немесе өліміне әкелген, адамның еркінен тыс оқыс, қысқа уақытта орын алған оқиға (жағдай);
- 6) сақтандыру шарты – тараптардың жазбаша келісімі, ол бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын/сақтандыру жарналарын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына Сақтандыру шарты жасалған өзге тұлғаға сақтандыру төлемін Сақтандыру шартында анықталған сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асыруға міндеттенеді.

Сақтандыру шартында осы Сақтандыру ережесінің жекелеген талаптарының, сондай-ақ сақтандыру шарты жасалған кезде бекітілетін, қосымша талаптардың өзгертілуін, алынып тасталуын көздеуі мүмкін;;

- 7) сақтандыру полисі – сақтандыру шартында және Сақтандыру ережесінде көрсетілген талаптарда сақтандыру шартының жасалуын растайтын, Сақтандырушы Сақтанушыға беретін құжат.

Сақтандыру ережесінің шарттарын іске асыру мақсатында сақтандыру полисі (бұдан әрі – Полис) мына түрлерге бөлінеді:

түпнұскалы полис – Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шартын жасағанда берілетін полис;

жаңартылған полис – Сақтандырушы Сақтанушыға, алдында берілген Полис орнына, сақтандыру шартына кейбір өзгерістерді және/немесе толықтыруларды енгізгенде берілетін полис;

- 8) кәсіби түрде спортпен шұғылдану – жаттығу жүктемелері қарастырылатын және бұдан кейін де спорттық жарыстарға қатысуды болжайтын және ол жерде спортшы дайындалғаны және қатысқаны үшін сыйақы алуы қарастырылатын физикалық жаттығулармен байланысты жүйелі түрде белгілі бір спорт түрімен айналысу;
- 9) спорттық жарыстар – регламентке ие, қатысу ережелері және басқа да жарысты ұйымдастыру үшін қажетті белгілері бар бірнеше қатысушының (команданың) жарысқа қатысуын қарастыратын ұйымдастырылған іс-шара;
- 10) Сақтанушы - Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасаған тұлға, сақтандыру шарты бойынша барлық құқығы бар және өз мойнына барлық міндеттемені алатын полис иегері. Егер жеке тұлға Сақтанушы болған жағдайда, ол бір уақытта Сақтандырылған тұлға бола алады;
- 11) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде пайдасына сақтандыру шарты жасалатын тұлғаға (Пайда алушыға) шартта белгіленген сома шегінде (сақтандыру сомасы) сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;
- 12) сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Сақтандыру ережесінде белгіленген талаптарға сәйкес әрбір өтелім бойынша тиісті сақтандыру сомасы аясында төлейтін ақша сомасы;
- 13) сақтандыру сыйақысы (сақтандыру жарналары) – Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтанушы оған төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 14) сақтандыру сомасы – сақтандыру нысаны сақтандырылған және сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 15) сақтандыру жағдайы – орын алуына байланысты сақтандыру шартының талаптарында қарастырылған тәртіпте сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қарастыратын оқиға;
- 16) сақтандыру мүддесі – Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының) тәуекелдерді болдырмау және сақтандыру жағдайының орын алуына жол бермеудегі мүлктік мүддесі;
- 17) дене жарақаты – Сақтандырылған тұлғаның ағзасына сыртқы механикалық, термикалық, электр немесе химиялық әсердің салдарынан туындайтын ұлпалардың, органдардың немесе тұтастай ағзаның зақымдалуы ;
- 18) еңбекке қабілеттіліктен уақытша айырылу (уақытша еңбекке жарамсыздық) – еңбекке қабілеттілікті қалпына келтіруге немесе мүгедектікті белгілеуге қажет уақыт ішінде кәсіби еңбекті орындай алмағандықтан міндеттер бұзылатын аурулармен немесе жарақатпен ескертілген адам ағзасының жағдайы.

2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

3-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ МӘНІ

3. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру шартында қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге міндетті, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтандыру төлемін сақтандыру шартында қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге міндетті.
4. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру объектісі ретінде – Сақтандырылған тұлғаның Сақтандыру шартында бекітілген сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруіне, сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруіне байланысты Сақтанушының (Пайда алушының) мүліктік мүдделері қолданылады. Сақтанушының заңға қайшы келетін мүдделері сақтандыруға жатпайды.

4-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

5. Сақтандыру шарты:
 - 1) тараптардың сақтандыру шартын жасауы арқылы;
 - 2) Сақтандыру шарты Сақтанушының Сақтандырушы бір жақты тәртіпте (қосылу шарты) әзірлеген үлгі шарттарға (Сақтандыру ережелеріне) қосылуы және Сақтандырушының Сақтанушыға Полис беруі арқылы жазбаша нысанда жасалады. Бұл ретте Сақтанушының сұрауы бойынша берілетін Полиске Сақтандыру ережесінің көшірмесі қоса беріледі. Осы құжаттар (Полис және Сақтандыру ережесінің көшірмесі) бірге Сақтандыру шарты болып табылады. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартын электронды үлгіде жасауға рұқсат етіледі, бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушыға электрондық Полис береді
6. Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы) Сақтандыру ережесімен танысуға және Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша оған Сақтандыруға өтініш беруге міндетті.
7. Сақтандыру шартын жасауға тілек білдірген тұлға (Сақтанушы) сақтандыру жөніндегі өтінішінде (не Сақтандыру шартына байланысты Сақтандырушының жазбаша сұратуына сәйкес тиісті құжатта) сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын анықтау үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
8. Сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығына және сақтандыруға арналған өтініште немесе шарт жасау кезеңінде Сақтанушыға жіберілген Сақтандырушының жазбаша сұрау салуларында көрсетілген ықтимал шығындардың мөлшеріне әсер етуі мүмкін жағдайлар маңызды деп танылады.
9. Егер сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға осы Тараудың 8-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы айтпаған мән-жайлар өтіп кеткен болса, Сақтандырушы шартты жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

10. Сақтанушының Сақтандыру ережесіне қосылу жолымен Сақтандыру шартын жасауға келісімі Сақтандырушыға сақтандыруға өтініш беруі және Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеумен расталады. Сақтандыруға өтінішті алу Сақтандырушыны Сақтандыру шартын жасауға міндеттемейді. Сақтандырушының сақтандыру шартын жасауға келісімі онда көрсетілген сақтандыру талаптарымен Сақтандыру полисін шығаруымен расталады.
11. Сақтандыруға жатпайды: психоневрологиялық диспансерде есепте тұратын тұлғалар; наркологиялық диспансерде есепте тұрған тұлғалар; қылмыс жасағаны үшін еңбекпен түзету мекемелерінде жазасын өтеп жүрген тұлғаларға; кез келген себеппен 1, 2, 3 (бірінші, екінші, үшінші) топтағы мүгедектер, сондай-ақ андеррайтер алып тастаған тұлғалар жатпайды. Сақтандыру ережесінің осы тармағында көрсетілген тұлғаларға қатысты жасалған, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы осындай шарт жасалған күннен бастап күшіне енген болып табылады. Осы тармаққа сәйкес сақтандыру шарты бұзылатын болады, бұл ретте сақтандыру сыйақысының төленген сомасы, Сақтандырушыға келтірілген сақтандыру сыйақысының 20% (жиырма) аспайтын шығыстарын шегере отырып, қайтарылады.
12. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін сақтандыру өтініші, оған жасалған қосымшалар және Сақтандыру ережесінде анық ескерілген өзге де құжаттар Сақтандыру артының ажырамас бөлігі болып табылады.

5-тарау. САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕСІНЕ СӘЙКЕС ЖАСАЛАТЫН САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

13. 3-бөлімде берілген талаптар Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайында сақтандыруға қатысты қолданылады. Тараптардың келісімі бойынша 3-бөлімде баяндалған талаптарға қосымша ретінде Полиске/Сақтандыру шартына сақтандырудың қосымша талаптары енгізілуі мүмкін.
14. Полистің/Сақтандыру шартының қосымша шарттары, егер Полисте/Сақтандыру шартында Полиске/Сақтандыру шартына сонымен қатар қосымша сақтандырулар кіреді деп тікелей түрде қарастырылған жағдайларда ғана әрекет ететін болады.
15. Сақтанушы Полиске/Сақтандыру шартына қосымша талаптарды қосу үшін Сақтандырушыға Сақтандырушы бекіткен нысан бойынша беретін сақтандыру туралы өтініште бұл жайлы көрсетуге міндетті. Сақтандырушының Полиске/Сақтандыру шартына қосымша талаптарды қосуға келісімін берген кезде, Сақтандырушы осы Сақтандыру ережесінде анықталған, тәртіпте тиісті мәліметтерді көрсету арқылы Сақтанушыға Полис/Сақтандыру шартын береді.
16. Кез келген жағдайда, осы Сақтандыру ережесінің 4-6-бөлімінде көрсетілген талаптар осы Сақтандыру ережесінің 3-бөлімінде көрсетілген сақтандыру шартының талаптарына қатысты қосымша болып табылады және көрсетілген талаптарсыз Сақтандыру шартына енгізілмейді.
17. Сақтандыру шартының қосымша талаптарына мыналар кіреді:
 - 1) Сақтандыру ережесінің 4-бөлімінде көрсетілген жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаға бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектіктің белгіленуі жағдайында сақтандыру;

- 2) Сақтандыру ережесінің 5-бөлімінде көрсетілген жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға дене жарақатын алған жағдайда сақтандыру;
 - 3) Сақтандыру ережесінің 6-бөлімінде көрсетілген жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға уақытша еңбекке жарамсыз болған жағдайда сақтандыру.
18. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) Полистің/Сақтандыру шартының қосымша талаптарын бірге және әрқайсысын бөлек таңдай алады.
 19. Сақтандыру ережесінің 3-бөлімінде көрсетілген талаптар, егер басқасы соңғысымен тікелей көзделмесе, Сақтандыру ережесінің 4-6-бөлімінде көрсетілген шарттарға қатысты қолданылады.
 20. Кез келген жағдайда, Сақтандыру ережесінің 4-6-бөлімінде көрсетілген талаптар Пайдаға қатысумен өмірді топтық аралас (жинақтаушы) сақтандыру бойынша Полистің/Сақтандыру шартының (осы Сақтандыру қағидасының 3-бөлімі) талаптарына қатысты қосымша талаптар болып табылады және аталған соңғы талаптарсыз сақтандыру шартына енгізілмейді.
 21. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде толық мөлшерде төлеген кезде, қосымша талаптар Полисте/Сақтандыру шартында көрсетілген мерзім ішінде әрекет етеді.
 22. Полистің/Сақтандыру шартының әрекеті:
 - 1) Полистің/Сақтандыру шартының әрекеті аяқталған немесе тоқтатылған;
 - 2) Полистің/Сақтандыру шартының талаптары бойынша тиесілі сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) толық мөлшерде төленбеген;
 - 3) Сақтандырылған тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған;
 - 4) сақтандырудың тиісті қосымша талабына қатысты белгіленген сақтандыру сомасы аясында жүзеге асырылатын сақтандырудың қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемдерін қоспағанда, Сақтандыру ережесінің 3-тарауында белгіленген Сақтандыру шартының талаптары бойынша бірінші басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сәттен бастап;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа жағдайларда тоқтатылады.

3-бөлім. ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒА САЛДАРЫНАН САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҮЛҒА ҚАЙТЫС БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА САҚТАНДЫРУ

6-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ

23. Жазатайым оқиға салдарынан, сақтандыру арқылы қорғауының әрекет ету мерзімінде орын алған, Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы Сақтандыру ережесінің осы Бөлімі бойынша (бұдан әрі – Негізгі талап) сақтандыру жағдайы болып табылады.
24. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға келесі белгілерден тұруы тиіс:
 - 1) оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;

- 2) оқиғаның нақты болған уақыты мен орнына, сондай-ақ оқиғаның орын алу нәтижесінде зиянның мөлшеріне қатысты болжамсыздық;
- 3) оқиға шарттың әрекет ету шегінде өтетіні сөзсіз және объективті өтуі тиіс қаупінің болмауы, және ол туралы тараптар, ең болмағанда сақтанушы алдын ала білген немесе алдын ала ескертілген болуы тиіс;
- 4) оқиғаның басталуы сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның, пайда алушының) мүліктік мүддесі үшін кері, тиімсіз экономикалық салдарының болуы;
- 5) оқиғаның басталуы сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның, пайда алушының) еркімен және(немесе) пиғылымен байланысты емес және пайда табу және (немесе) ұтыс алу (алып сатарлық тәуекел) мақсатын көземеяді

7-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ

25. Сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру шартында/Полисте көрсетіледі.

8-тарау. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ (САҚТАНДЫРУ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ) МӨЛШЕРІ, ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ

26. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын бір мезгілде немесе, мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп-бөліп төлейді.
27. Сақтандыру жарнасын төлеу кезеңділігі және оған тиесілі мөлшері Полисте/Сақтандыру шартында көрсетіледі.
28. Сақтанушы әрбір сақтандыру жарнасы сәйкес келетін кезең басталғанға дейін аталған сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті. Басқалай жағдайда, сақтандыру жарнасының мерзімі өтіп кеткен болып есептеледі.
29. Сақтанушының есеп-айырысу шотына сақтандыру жарнасын төлеуге немесе аударуға байланысты шығындар мен тәуекелдер үшін Сақтанушы жауапты болады.
30. Сақтанушы сақтандыру жарнасын (сақтандыру сыйлықақысын) Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде төлемегенде жағдайда, сақтандыру шартының әрекеті осы Сақтандыру ережесінде белгіленген талаптарда мерзімінен бұрын тоқтатылатын болады.

9-тарау. САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҰЛҒА

31. Егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болмаса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандырылған тұлғаның Полисті/сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін беруге міндетті.
32. Егер он төрт жасқа толмаған (сақтандыру шартын жасаған күні) кәмелет жасқа толмаған Сақтандырылған тұлғаның заңды өкілі Сақтанушы болып табылса, осы Тараудың 31-тармағының шарттары қолданылмайды.

10-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ

33. Жазатайым оқиға салдарынан, сақтандыру арқылы қорғауы әрекет еткен кезде, Сақтандырылған тұлға қайтыс болған сақтандыру жағдайы бойынша,

Сақтандырылған тұлғаның келісімімен Сақтанушы Пайда алушы болып табылады.

34. Сақтандырылған тұлға болып табылмайтын Пайда алушы қайтыс болған жағдайда немесе Пайда алушы өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда, оның құқықтары Сақтанушыға өтеді, ал егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болса – заңнамада белгіленген Сақтанушының мұрагерлеріне тәртіпте өтетін болады.
35. Егер Пайда алушы және Сақтандырылушы бір уақытта (бір күнде) қайтыс болатын болса, онда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі Пайда алушы Сақтандырылған тұлғадан бұрын қайтыс болған жағдайдағыдай орындалатын болады (осы Тараудың 34-тармағы).

11-тарау. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

36. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 2) Сақтандырушыдан Сақтандыру шартына сәйкес қабылдаған міндеттемелерді орындауды талап етуге;
- 3) Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, Сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін түсіндіруді талап етуге;
- 4) Сақтандыру шартында қарастырылған жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;
- 5) Полисті/Сақтандыру шартын жоғалтып алған жағдайда, Полистің/Сақтандырушартының телнұсқасын алуға, бұл ретте Полис/Сақтандыру шарты телнұсқасының нөмірі жоғалған Полистің/Сақтандыру шартының нөмірімен бірдей болуы керек.

37. Сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру сыйлықақысын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге;
- 2) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелі жағдайы туралы ақпарат беруге;
- 3) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталғаны туралы дереу, бірақ кез келген жағдайда, сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірмей ескертуге. Егер Сақтанушыда (Пайда алушыда) дәлелді себептермен Сақтандырушыға жоғарыда көрсетілген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы хабарлауға мүмкіндік болмаса, ол уақытылы хабарламаудың себебін көрсетумен түсініктеме беруге және бар болған жағдайда, құжаттармен растауға міндетті. Бұл ретте, егер Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы туралы ескертпеу немесе уақтылы ескертпеу Сақтанушының еркінен тыс себептерге негізделген болса және ол деректі растайтын тиісті құжаттар ұсынылса, мұндай жағдайда ескертпеу немесе уақтылы ескертпеу Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасаудан бастартуға негіз бола алмайды.

Сақтанушының еркінен тыс жағдаяттар, атап айтсақ: еңсерілмейтін күштер жағдаяты, яғни осы жағдай бойынша төтенше және алдын алу мүмкін емес (форс-мажор) жағдайлары, соларға кіретін, бірақ мұнымен шектелмейтін: апаттық құбылыстар, соғыс қимылдары және т.б. хабарламау немесе уақтылы хабарламаудың орынды себебі болып табылады

- 4) Сақтандыру жағдайларды ескертуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;
- 5) егер Сақтанушы Сақтандырылған тұлға болмаса, Сақтандырушыға Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін беруге.

38. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Ережеде қарастырылған талаптарда Полисті/Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 2) Сақтанушыдан Сақтандыру шартына сәйкес қабылдаған міндеттемелерді орындауды талап етуге;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу жағдаяттары мен себептерін тексеруге;
- 4) кез келген уақытта Сақтандырылушының денсаулығының жағдайы туралы анықтаманы және уәкілетті мемлекеттік органның қайта куәландырудың нәтижелерін талап етуге.
- 5) жылына бір рет, Сақтандырушы тағайындаған дәрігерлермен Сақтандырылған тұлғаның қосымша медициналық тексеруін (Сақтандырылған тұлға Қазақстан Республикасынан тыс жерде болған жағдайда көлік шығындарын қоспағанда) Сақтандырушының қаражаты есебінен жүргізуге, оның ішінде уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген мүгедектік тобын тексеру үшін;
- 6) медициналық-әлеуметтік сараптамалық комиссия қызметкерлерінің негізсіз жасаған қорытындысына және/немесе мемлекеттік уәкілетті органдардың қызметкерлерінің мүгедектік туралы құжаттарды заңсыз бергені үшін шағым жасауға

39. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны Сақтандыру ережесімен таныстыруға және оның талабы бойынша Сақтандыру ережесінің көшірмесін беруге (жіберуге), сонымен қатар сақтандырудың барлық талаптарын, Сақтанушының сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 2) сақтандыру жағдайы орын алғанда сақтандыру төлемін Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте, мерзімде жасауға;
- 3) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 4) Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, оларға Сақтандыру ережесінде бекітілген мерзімде жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға (Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайы басталғаны туралы хабарламаны алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үшін қажетті, жетіспейтін құжаттар туралы хабарламаны Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына жіберуге);
- 5) Полистің/Сақтандыру шартының түпнұсқасы жоғалған кезде, Сақтанушы Сақтандыру ережесінің 31-тарауы 113-тармағында көрсетілген талаптарды орындаған жағдайда, Сақтанушының талабы бойынша оған Полистің/Сақтандыру шартының телнұсқасын беруге.

Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамалық актілерде Сақтандырушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

12-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ҚОРҒАУЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН АУМАҒЫ

40. Полис/Сақтандыру шарты сақтандыру сыйлықақысы/бірінші сақтандыру жарнасы толық мөлшерде төлеген кезде, шартта белгіленген күннен бастап немесе Сақтандырушы Полисті шығарған, Полистің "Полисті жасау (шығару) күні" деген кесте жолында көрсетілген күннен бастап күшіне енеді.
41. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын/сақтандыру сыйлықақысын уақтылы және толық төлеген кезде, сақтандыру арқылы қорғау (Сақтандырушының сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесі) Сақтандыру шартында көрсетілген әрекет ету мерзіміне сәйкес келеді немесе полис шығарылған күні бірінші сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) төленген жағдайда, полис шығарылған күннен кейінгі келесі күні әрекет етуді бастайды (егер басқасы Сақтандыру полсінде көзделмесе).
42. Егер Полисте/Сақтандыру шартында сақтандыру жарнасын/сақтандыру сыйлықақысын төлейтін мерзім ретінде көрсетілген мерзім ішінде тиісті сақтандыру жарнасы/сақтандыру сыйлықақысы төленбейтін болса немесе толық төленбейтін болса, Сақтандырушы сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы және сақтандыру шарты Сақтандыру ережесінің 17-тарауында белгіленген талаптарда күшіне енбеген болып есептеледі.
43. Сақтандыру арқылы қорғау Полисте/Сақтандыру шартында көрсетілген, Сақтанушы сақтандыру өтінішінде белгілеген аумақта әрекет етеді.

13-тарау САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ

44. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде жүзеге асыруға міндетті сақтандыру төлемінің мөлшері Полисте/Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасының мөлшеріне тең.

14-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАНДА САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТІ, САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮРГІЗУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

45. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан кейін дереу, бірақ кез келген жағдайда күнтізбелік 40 күннен кешіктірмей оның басталғаны туралы Сақтандырушыға жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Егер Сақтанушының (Сақтандырылған тұлға) дәлелді себептер бойынша Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жоғарыда көрсетілген мерзімде хабардар етуге мүмкіндігі болмаса, ол уақтылы хабарламау себебі туралы жазбаша түсініктеме беруге және болған жағдайда мұны құжатпен растауға тиіс.
46. Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.
47. Сақтандыру арқылы қорғауы әрекет еткен кезде, Сақтандырылған тұлға қайтыс болған жазатайым оқиға орын алған кезде, Сақтанушы Сақтандырушыға мынадай құжаттарды беруге міндетті:

- 1) Полистің/Сақтандыру шартының түпнұсқасын;

- 2) Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы туралы куәлік немесе оның нотариалды түрде куәландырылған көшірмесін;
 - 3) Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы туралы дәрігерлік куәлік немесе оның нотариалды түрде куәландырылған көшірмесін;
 - 4) осы құжатты берген заңды тұлғаның мөрі басылған және қолы қойылған (егер сараптаманы немесе зерттеуді жүргізу Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерде қарастырылған болса) химиялық-токсологиялық зерттеу нәтижелерімен қайтыс болу себебі мен мән-жайы туралы сот-медициналық сараптама немесе патологоанатомикалық зерттеу қорытындысының көшірмесі
 - 5) Пайда алушының жеке басын растайтын құжаттың көшірмесін, оның ішінде жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН, Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілмеген болса) (жеке тұлғалар үшін);
 - 6) емханаға жатып емделген науқасын медициналық картасының берген мекеменің мөрімен куәландырылған үзінді көшірмесін;
 - 7) амбулаториялық картаның мекеме берген мөрмен куәландырылған көшірмесін.
48. Сақтандырушы сонымен қатар келесі құжаттарды сұратуға құқылы:
- 1) егер құқық қорғау органдарында Сақтандырылған тұлғамен болған оқиға (жазатайым оқиға) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалуы туралы мәселе қарастырылған болса, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды тіркеу дерегі бойынша анықтаманы талап етуге құқылы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіліміне (СДТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны немесе сот өкімін;
 - 2) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде орын алған болса, жол-көлік оқиғалары бойынша (оқиға орын алған жерді тексеру хаттамасы, жол-көліктік оқиғасының сызбасы, жол-көлік оқиғасының қатысушыларының түсініктемелері, мамандардың сараптамалық қорытындылары) берген мекеменің мөрімен куәландырылған материалдардың көшірмесі;
 - 3) Сақтандырылған тұлға қызметтік міндеттерін атқарған кезде жазатайым оқиға орын алғанда – өндірістегі жазатайым оқиға туралы акті немесе осын актінің нотариалды түрде куәландырылған көшірмесін;
 - 4) сақтандыру жағдайына қатысты және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған, Сақтандырушы сұратқан басқа құжаттарды.
- Сақтандырылған тұлға қайтыс болған дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдары немесе сот тиісті шешім қабылдағанша және бұл шешім заңды күшіне енген сәтке дейін сақтандыру төлемін кейінге қалдыруға құқылы.
49. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін құжаттарды алғаннан кейін Сақтандырушы Пайда алушыға (Сақтанушыға) қабылдаған құжаттардың толық тізімін көрсете отырып анықтама береді.

50. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының орын алуын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың жетіспеушілігі туралы хабарламаны жөнелтеді.
51. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарламаны алған күннен бастап, сақтандыру жағдайының басталу мән-жайын және себебін тексеруге құқылы.
52. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуын растайтын құжаттарды алған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөнінде шешім қабылдауға немесе жазбаша нысанда сақтандыру төлемін төлеуден себептемелі бас тартуын ұсынуға міндетті.
53. Сақтандыру жағдайы бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдары немесе сот тиісті шешім қабылдағанша және бұл шешім заңды күшіне енген сәтке дейін сақтандыру төлемін кейінге қалдыруға құқылы, бұр ретте Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеу мерзімін ұзарту қажеттілігі туралы хабарлайды.
54. Сақтандыру төлемі Сақтанушы (Пайда алушы) көрсеткен банктік шотқа жүргізіледі. Егер төлем немесе аударым Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын болса, төлем немесе сақтандыру төлемдері ақшасын аудару бойынша шығындар Сақтандырушы есебінен жүзеге асырылады.
55. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері Сақтандыру ережесінің осы Тарауында көрсетілген барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.
56. Сақтандыру төлемін жасағанда, Сақтандырушы одан сақтандыру төлемі жасалған күні туындаған Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

15-тарау. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТУДЫҢ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ

57. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіздеме ретінде келесілер болуы мүмкін:
 - 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, Сақтандырылған тұлғаның денсаулығы туралы, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрнекі жалған мәліметтерді, сондай-ақ Сақтандыру ережесіне сәйкес Сақтандырушыға ұсынылуы тиіс өзге де мәліметтерді хабарлауы;
 - 2) сақтанушы сақтандыру жағдайының басталу мән-жайына тергеу жүргізген кезде сақтандырушыға кедергі келтіруі;
 - 3) Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) дәлелді себеппен аталған әрекеттерді орындай алмаған және оны құжат түрінде растаған жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы осы Сақтандыру ережесінде белгіленген мерзімде хабарламауы.

58. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады, егер Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы сақтандыру арқылы қорғауының әрекет ету кезеңінде тікелей немесе жанама түрде төмендегі жағдайлардың нәтижесінде орын алған болса:
- 1) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті жарақат әсері;
 - 2) әскери әрекеттермен, Сақтандырылған тұлғаның әскери құрылымдарда қызмет етуі;
 - 3) азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе көтеріліс;
 - 4) қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілікте жасалатын әрекеттер қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;
 - 5) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның және (немесе) Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;
 - 6) Сақтанушы осы тәуекелді өтейтін қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезде, лицензияланған әуе компаниясының жолаушылар тасымалдау кемесін қоспағанда, Сақтандырылған тұлғаның кез келген ұшу аппаратында ұшуы;
 - 7) егер Сақтандырылушы өзінің сауалнама-өтінішінде мұндай спорт түрін көрсетпеген болса және мұндай тәуекел қосымша төленбеген болса (тиісті жүктелу коэффициенті қолданылмаған болса), спортпен шұғылдану;
 - 8) медициналық мекемелердің білікті дәрігерлері тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдау жағдайын қоспағанда, Сақтандырылған тұлғаның есірткі заттарын қабылдауы;
 - 9) Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайы басталған сәтте алкогольді не токсикоманиялық масаңдық жағдайда болуы;
 - 10) жазатайым жағдай нәтижесінде туындаған ауруларды қоспағанда, бұл ретте, егер мұндай жазатайым жағдайы сақтандыру арқылы қорғауы әрекет еткен кезде басталса ғана, кез келген аурумен.
59. Осы Тараудың ережесі сондай-ақ сақтандырудың қосымша талаптарына қатысты қолданылады.

16-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ

60. Сақтандыру шарты:
- 1) Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі аяқталған;
 - 2) Сақтандырушы сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінде жүзеге асырған;
 - 3) Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған
- жағдайда тоқтатылады.

61. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде өтініш беріп, сақтандыру шартын кез келген уақытта мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
62. Сақтанушы сақтандыру шартынан бас тартқан жағдай, Сақтанушы төлеген сақтандыру сыйлықақысы/сақтандыру жарнасы қайтарылуға жатпайды.
63. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Сақтандыру шартын тоқтатуға негіздеме ретінде заңнамада көзделген жағдайлар туындаған сәттен бастап Шарт тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыны тезарада хабардар етуге және растаушы құжаттарды ұсынуға міндетті. Бұл ретте, Сақтандырушы сақтандыру әрекет еткен уақытқа тепе-тең сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқылы.
64. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) Сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде төлемеген жағдайда, Сақтандырушы Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Сақтандыру сыйлықақысы/сақтандыру жарнасы төленетін мерзім ретінде шартта көзделген күннен кейінгі күннен бастап Сақтандыру шарты бұзылды деп есептеледі.
65. Сақтандыру ережесінің осы Тарауының 60-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Сақтандыру шартының әрекетін мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы Тараптар бір-бірін Сақтандыру шартының болжамды бұзылатын күнге дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.

17-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

66. Сақтандыру шартына енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар Сақтанушы Сақтандырушыға ұсынатын өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы өтініш негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте сақтандыру мерзімі мен Сақтандырылған тұлғалар өзгертілмейді.
67. Сақтандырушы мұндай өзгертулерді және (немесе) толықтыруларды енгізуге келісімін берген жағдайда, өтініш берілген күнге қарай барлық сақтандыру жарналары (сақтандыру сыйлықақысы) толық төленген шартында, Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар жазбаша енгізіледі және күшіне енеді:
 - 1) Полисте тікелей көрсетілген (көрсетілетін) мәліметтерге қатысты - Жаңартылған полис шығарылған күннен бастап;
 - 2) Полисте көрсетілген (көрсетілетін) мәліметтерді қоспағанда, сақтандыру туралы өтініште тікелей көрсетілген мәліметтерге қатысты - Сақтандырушының келісімін растайтын құжатта көрсетілген күннен бастап, ал егер күні көрсетілмеген болса, Сақтандырушы шығыс құжатты тіркеген күннен бастап;
 - 3) Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру талаптарына қатысты, Сақтандыру шартының тиісті қосымша келісімінде көрсетілген күннен бастап.
68. Жаңартылған полис осыған дейін шығарылған Полиске немесе осыған дейін шығарылған Полистің телнұсқасына ауыстырылады. Жаңартылған полис ол шығарылған күннен бастап сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып

табылады, осыған дейін шығарылған Полис (ал ол жоғалған кезде - телнұсқасы) күшін жоғалтады.

69. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін сақтандыру шартының талаптарына қатысты жаңа заңнамалық актілер қабылданған болса және осындай актілер қабылданған күнге дейін жасалған шарттарға өзгертулер мен толықтыруларды енгізу бойынша талап орнатса немесе қолданыстағы заңнамалық актілер өзгертілген болса, Сақтандырушы сақтандыру шартына толықтырулар және/немесе өзгертулер енгізуге құқылы.

4-бөлім. ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒА САЛДАРЫНАН САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҰЛҒАҒА БІРІНШІ, ЕКІНШІ НЕ ҮШІНШІ ТОПТАҒЫ МҮГЕДЕКТІКТІҢ БЕЛГІЛЕНУІ ЖАҒДАЙЫНДА САҚТАНДЫРУ

18-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ

70. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаға бірінші, екінші не үшінші топтағы мүгедектіктің белгіленуі сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады. Бұл ретте Сақтандырылған тұлғаға бірінші, екінші не үшінші топтағы мүгедектік жазатайым оқиға басталған сәттен бастап 6 (алты) айдан кешіктірілмей белгіленуі тиіс. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға осы Сақтандыру ережесінің 24-тармағында көрсетілген белгілерге ие болуы тиіс.
71. Мүгедектік тобын анықтау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Белгіленген сақтандыру шартын жасағаннан кейін қабылданған мүгедектікті белгілеу жүргізілетін заңнамаға кез келген өзгертулер мен толықтырулар Сақтандырушының аталған шарт аясындағы жауапкершілігінің ұлғаюына алып келмейді.
72. Сақтандырылған тұлғаға мүгедектік тобын белгілеуді, белгілеу себебін, мерзімін және уақытын анықтауды Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға мүгедектік тобын заңнамалық акті негізінде белгілеуге уәкілеттігі бар мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік орган) жүргізеді.

19-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

73. Сақтандыру шартының осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Полисте/Сақтандыру шартында анықталады және белгіленеді.
74. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаға бірінші топтағы мүгедектік белгіленген кезде, сақтандыру төлемінің мөлшері "Жазатайым оқиға нәтижесінде I, II немесе III топтағы мүгедектік" сақтандыру өтелімі бойынша сақтандыру сомасының 80%-на тең.
75. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаға екінші топтағы мүгедектік белгіленген кезде, сақтандыру төлемінің мөлшері "Жазатайым оқиға

нәтижесінде I, II немесе III топтағы мүгедектік" сақтандыру өтелімі бойынша сақтандыру сомасының 50%-на тең.

76. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаға үшінші топтағы мүгедектік белгіленген кезде, сақтандыру төлемінің мөлшері "Жазатайым оқиға нәтижесінде I, II немесе III топтағы мүгедектік" сақтандыру өтелімі бойынша сақтандыру сомасының 20%-на тең.
77. Сақтандыру шартының осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі Сақтандырушы осы Сақтандыру ережесінің 20-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.
78. Сақтандыру төлемі Сақтандырылған тұлғаға жазатайым оқиға салдарынан бірінші белгіленген мүгедектігі бойынша жүзеге асырылады. Сақтандырудың осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаға бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының осы талаптарының әрекеті тоқтатылады.

20-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

79. Сақтандыру жағдайының басталуын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:
 - 1) Полистің/Сақтандыру шартының түпнұсқасын;
 - 2) Сақтандырылған тұлғаның мүгедектігі туралы уәкілетті мемлекеттік органның нотариалды түрде куәландырылған анықтамасын;
 - 3) Сақтандырылған тұлғаны куәландыру актісінің және медициналық-әлеуметтік сараптама берген сараптама қорытындысының нотариалды түрде куәландырылған көшірмелерін (бұдан әрі – МӘС);
 - 4) МӘС-қа жіберілген құжаттың, берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
 - 5) Сақтандырылған тұлғаның медициналық мекеме берген медициналық картасының үзінді көшірмесін немесе берген мекеменің мөрімен куәландырылған үзінді көшірмесін;
 - 6) амбулаториялық картаның берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
 - 7) рентген кескіні.
80. Сақтандырушы сондай-ақ келесі құжаттарды сұратуға құқылы:
 - 1) еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесі туралы анықтаманың көшірмесін;
 - 2) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде басталған болса, жол-көлік оқиғасы материалдарының берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмелері;
 - 3) егер сақтандыру жағдайы өндірісте болған болса, өндірістегі жазатайым жағдай туралы актінің көшірмесін;
 - 4) ДКК қорытынды;
 - 5) уақытша еңбекке жарамсыздық парағын.

81. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін құқылы:
- 1) сақтандыру жағдайының басталу мән-жайын тексеруге;
 - 2) Сақтандырылған тұлғаның денсаулық жағдайы және уәкілетті мемлекеттік органның қайта куәландыру нәтижелері туралы анықтаманы кез келген уақытта талап етуге;
 - 3) жылына бір рет Сақтандырылған тұлғаға Сақтандырушы тағайындаған дәрігерлердің қосымша медициналық тексеру, оның ішінде мемлекеттік уәкілеттік орган белгілеген мүгедектік топты тексеру үшін Сақтандырушының есебінен (егер Сақтандырылушы Қазақстан Республикасынан тыс болса, көлік шығысын қоспағанда) өткізуге;
 - 4) медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы қызметкерлерінің негізделмеген қорытындысына және/немесе мемлекеттік уәкілетті орган қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте мүгедектік туралы құжаттарды заңсыз бергеніне шағым беруге құқылы.
82. Егер құқық қорғау органдарымен Сақтандырылған тұлғамен болған жағдай (жазатайым оқиға) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қаралған болса, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды тіркеу дерегі бойынша анықтаманы талап етуге құқылы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркеу жағдайында – қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы немесе соттың үкімі.

21-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ

83. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаға мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыру талаптары бойынша Сақтандырылған тұлға Пайда алушы болып табылады.

5-бөлім. ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒА САЛДАРЫНАН САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҮЛҒА ДЕНЕ ЖАРАҚАТЫН АЛҒАН ЖАҒДАЙЫНДА САҚТАНДЫРУ

22-тарау. САҚТАДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ

84. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаға сақтандыру арқылы қорғауы әрекет еткен кезде, жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаның дене жарақатын алуы Сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға осы Сақтандыру ережесінің 24-тармағында көрсетілген белгілерге ие болуы тиіс.

23-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ.

85. Сақтандырылған тұлға жазатайым оқиға салдарынан дене жарақатын алу жағдайындағы сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Полисте/Сақтандыру шартында көрсетіледі.
86. Сақтандырушы жазатайым оқиға салдарында Сақтандырылған тұлғаның дене жарақатын алуы жағдайында сақтандыру бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесіне" сәйкес Полисте көрсетілген сақтандыру сомасынан пайыздық қатынасында көрсетіледі.
87. Бір жазатайым оқиға нәтижесінде басталған және "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің" бір бөлімінде ескертілген бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі сақтандыру төлемінің мөлшері ең үлкен жарақатты көздейтін тармаққа сәйкес жүргізіледі.
88. Бір жазатайым оқиға нәтижесінде басталған және "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің" бір бөлімінде ескертілген бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі әрбір дене жарақаты бойынша бөлек жүргізіледі, бірақ сақтандыру төлемдерінің сомасы сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.
89. "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің" бір тармағында көрсетілген бір немесе бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі дене жарақаттарының санына қарамастан, аталған тармаққа сәйкес біржолғы белгіленген мөлшерде жүргізіледі.
90. Сақтандыру төлемінің мөлшері дене жарақаты болған жағдайда аяқ-қолдың бір мүшесіне белгіленген ("Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінде" белгіленген жағдайларды қоспағанда), аяқ-қолдың екі мүшесінің ұқсас дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемінің мөлшері екі еселенеді.
91. Сақтандырушы «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде» не Сақтандыру шартында ескертілмеген дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.
92. Кез келген жағдайда, барлық сақтандыру төлемінің жалпы мөлшері аталған өтелім бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.
93. Сақтандырушы осы Сақтандыру ережесінің 24-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап, 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде сақтандыру шартының қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

24-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

94. Сақтандыру жағдайының басталуын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:
 - 1) Полистің/Сақтандыру шартының түпнұсқасын;
 - 2) травматологиялық пункт анықтамасын немесе медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін,
 - 3) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен, осы мекеменің

мөрімен куәландырылған медициналық картадан (сырқатнамадан) үзінді көшірмесін;

4) амбулаториялық картаның берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;

рентген-кескін

95. Сақтандырушы келесі құжаттарды сұратуға құқылы:

1) берген мекеменің мөрімен куәландырылған сот-медициналық сараптама көшірмелерін;

2) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде басталған болса, жол-көлік оқиғасы (оқиға орнын қарау хаттамасы, жол-көлік оқиғасының сызбасы, жол-көлік оқиғасы қатысушыларының түсініктемелері, мамандардың сараптама қорытындысы) материалдарының берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмелерін;

3) егер сақтандыру жағдайы өндірісте болған болса, өндірістегі жазатайым оқиға туралы актінің көшірмесін;

4) уақытша еңбекке жарамсыздық парағын.

96. Егер құқық қорғау органдарымен Сақтандырылған тұлғамен болған жағдай (жазатайым оқиға) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қаралған болса, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды тіркеу дерегі бойынша анықтаманы талап етуге құқылы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркеу жағдайында – қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы немесе соттың үкімі.

25-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ

97. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлға дене жарақатын алған жағдайда сақтандыру талаптары бойынша Сақтандырылған тұлға Пайда алушы болып табылады.

6-бөлім. ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒА САЛДАРЫНАН САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҰЛҒАНЫҢ УАҚЫТША ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА САҚТАНДЫРУ

26-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ

98. Сақтандыру арқылы қорғауы әрекет еткен кезде, жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаның уақытша еңбекке жарамсыздығының белгіленуі жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыз болу жағдайында сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға осы Сақтандыру ережесінің 24-тармағында көрсетілген белгілерге ие болуы тиіс.

99. Уақытша еңбекке жарамсыздықты анықтау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

27-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

100. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаның уақытша еңбекке жарамсыздық жағдайында сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Полисте/Сақтандыру шартында көрсетіледі.
101. Сақтандыру төлемінің мөлшері еңбекке жарамсыз болған 7 (жетінші) күнтізбелік күннен бастап еңбекке жарамсыз болған әрбір күнтізбелік күн үшін сақтандыру сомасынан 0,2 % (нөл бүтін оннан екі пайызға) тең. Бір жазатайым оқиғаның басталуы нәтижесінде уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде ең көп күндер саны 60 (алпыс) күнтізбелік күн. Сақтандыру шартының талаптарында Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру төлемінің өзге мерзімі көзделуі мүмкін.
102. Сақтандырушы осы Сақтандыру ережесінің 28-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күні ішінде сақтандыру шартының қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

28-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

103. Сақтандыру жағдайының басталуын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:
- 1) Полистің/Сақтандыру шартының түпнұсқасын;
 - 2) травматологиялық пункт анықтамасын немесе медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
 - 3) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен, осы мекеменің мөрімен куәландырылған медициналық картаның (сырқатнаманың) үзінді көшірмесін;
 - 4) амбулаториялық картаның берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
 - 5) рентген-кескін;
 - 6) уақытша еңбекке жарамсыздығы парағын.
104. Сақтандырушы келесі құжаттарды сұратуға құқылы:
- 1) берген мекеменің мөрімен куәландырылған сот-медициналық сараптама көшірмесін;
 - 2) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде басталған болса, жол-көлік оқиғасы (оқиға орнын қарау хаттамасы, жол-көлік оқиғасының сызбасы, жол-көлік оқиғасы қатысушыларының түсініктемелері, мамандардың сараптама қорытындысы) материалдарының берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмелерін;
 - 3) егер сақтандыру жағдайы өндірісте болған болса, өндірістегі жазатайым оқиға туралы актінің көшірмесін.
105. Егер құқық қорғау органдарымен Сақтандырылған тұлғамен болған жағдай (жазатайым оқиға) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қаралған болса, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды тіркеу дерегі бойынша анықтаманы

талап етуге құқылы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркеу жағдайында – қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы немесе соттың үкімі.

29-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ

106. Жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылған тұлғаның уақытша еңбекке жарамсыздық жағдайында сақтандыру талаптары бойынша Сақтандырылған тұлға Пайда алушы болып табылады.

7-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

30-тарау. САҚТАНУШЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ НЕМЕСЕ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ

107. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыруға өтініште көрсетілген орналасқан жері немесе тұрғылықты жері бойынша хабарлама жібереді.
108. Орналасқан жері немесе тұрғылықты жері өзгерген жағдайда Сақтанушы он күн ішінде Сақтандырушыға ол туралы хабарлауы тиіс. Хабарламаған жағдайда бұрыңғы орналасқан немесе тұрғылықты жері бойынша жіберілген хабарлама тараптармен орындалған (жарамды) болып саналады.
109. Егер Сақтанушының орналасқан жері немесе тұрғылықты мекенжайы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде болатын болса, онда Сақтанушы Қазақстан Республикасындағы Сақтанушыға хат-хабарды жеткізу үшін жауапты сенімді тұлға Сақтандырушыға көрсетуге міндетті

31-тарау. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

110. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, өтініштер, ескертулер, түсініктемелер жазбаша түрде, оның жіберілгенін растайтындай тәсілмен жасалуы тиіс. Сақтанушыда тіркелген парақшасы бар болған жағдайда, сақтандыру шартына байланысты хабарламаларды және басқа хаттарды интернет-ресурстағы жеке кабинет арқылы жіберуге рұқсат беріледі.
111. Тараптар Сақтандыру шартын орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Сақтандыру ережесіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.
112. Сақтандыру шартымен реттелмеген тараптар арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Сақтандыру ережесіне сәйкес реттеледі.
113. Сақтанушы Полисті/Сақтандыру шартын немесе Полистің/Сақтандыру шартының қосымшасын жоғалтқан кезде, Сақтандырушыны ескертуі және Полистің/Сақтандыру шартының немесе Полис/Сақтандыру шарты қосымшасының телнұсқасын алуға өтініш ұсынуы тиіс. Сақтандырушы Полистің/Сақтандыру шартының немесе Полис/Сақтандыру шарты қосымшасының телнұсқасы бергеннен кейін, жоғалған Полис/Сақтандыру шарты жарамсыз болып есептеледі.
114. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгеруіне байланысты осы Сақтандыру ереженің жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасы қайшы келіп жатса, бұл ережелер Сақтандыру ережесіне тиісті өзгертулер енгізбестен, автоматты түрде күшін жояды. Осы Сақтандыру ережесінің біреуі жарамсыз болса, ол қалған ережелерге қатысты емес. Жарамсыз ереже заңды түрде рұқсат етілген және тиісті қатынастарды реттейтін өзге ережемен алмастырылады.

115. Қазақстан Республикасының аумағында жарияланған шектеулер, оның ішінде карантин және (немесе) төтенше жағдай кезеңінде Сақтандыру шартын жасауға Сақтанушы (сондай-ақ қажет болған жағдайда Сақтандырылған тұлға) қол қойған сканерленген көшірмесі (фото) негізінде жол беріледі. Сақтанушы жоғарыда көрсетілген тәсілмен берген сақтандыруға арналған өтінішті Сақтандырушы Сақтанушы сақтандыру сыйақысын (бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген жағдайда түпнұсқа деп қабылдайды. Сақтандыруға арналған осындай өтініш негізінде шығарылған полистің сканерленген көшірмесі сақтанушыға ол көрсеткен электрондық мекенжайға, кейіннен оның түпнұсқасын сақтанушыға ұсына отырып жібереді.
116. Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемін төлеу қажеттілігі туралы талап, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса тіркеу арқылы электрондық форматта, электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде алдын ала жіберілуі мүмкін. Бұл ретте электрондық нысандағы сақтандыру төлемі жайлы талап, өтініш берушіні Сақтандырушының тұратын жері бойынша Сақтандырушыға қажетті құжаттарды беруден босатпайды.
117. Сақтанушы мен сақтандырушының келісімі бойынша сақтандыру ережесінің бөлек талаптарын, сонымен қатар сақтандыру шартын жасасу барысында айқындалатын және сақтандыру полисінде қамтып көрсетілген қосымша талаптарды алып тастайтын, өзгертулерді енгізуді қарастыратын сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін.
118. Полиспен/Сақтандыру шартымен реттелмеген тараптар арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Сақтандыру ережесіне сәйкес реттеледі.
119. Сақтандыру шартын жасаған тараптар арасындағы барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Егер мұндай даулар келіссөз арқылы шешілмесе, жауапкердің орныласқан жері бойынша сот тәртібінде шешіледі.
120. Осы Сақтандыру шарты қазақ және орыс тілдерінде жасалды. Сақтандыру шартының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері сәйкес келмеген жағдайда, Сақтандыру ережесінің орыс тіліндегі мәтініне басымдық беріледі.